Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер – аумақтық бөлімшелер мен мемлекеттік мекемелердің атаулары өзгертілсін.

3. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұйымдарың акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 934 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 23 қазандағы
№ 701 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу

және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті;

2) Өртке қарсы қызмет комитеті;

3) Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті;

4) Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті;

5) Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 519 қаулысымен .

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.10.2022 № 844 қаулысымен.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 2-кіреберіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке өз өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңдармен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 526 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

14. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

15. Міндеттері:

1) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою;

2) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу;

3) өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту;

5) азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамыту;

6) азаматтық қорғау саласында салааралық үйлестіру;

7) төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету;

8) азаматтық қорғау органдарын материалдық-техникалық жарақтандыру, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін кәсіби қызметтік және физикалық даярлау, оларды ұдайы әзірлікте ұстап тұру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 561 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

15-1. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұрату;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша дербес шешімдер қабылдау;

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер және нұсқаулық-әдістемелік құжаттар қабылдау;

нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу немесе осындай актілердің бастамашыл жобаларын уәкілетті органдардың қарауына беру;

орталық және жергілікті атқарушы органдарға өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тарту;

сотқа жүгіну;

өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;

әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларда өз құзыреті шегінде әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жәрдем көрсету;

2) міндеттері:

бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, Заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

өтініштерді қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формалды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдаудың орны, күні мен уақыты туралы күні бұрын хабардар ету;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдау;

әкімшілік актіні Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не олардың өкілдерінің назарына жеткізу;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тарту;

бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеру санының, сондай-ақ тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды және оларға қолданылған әкімшілік ықпал ету шараларының ведомстволық есебін жүргізу.

Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді де жүзеге асыра алады.

Ескерту. 2-тарау 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.04.2022 № 244 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Функциялары:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

1-1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

2) азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз етеді;

3) азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) халықаралық шарттар (келісімдер) жасасу жөнінде ұсыныстар енгізеді, шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізеді, шарттар (келісімдер) жасасады;

5) шет елдерге ізгілік көмек көрсетуге қатысады;

6) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

8) жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;

9) Қазақстан Республикасы қорғаныс жоспарының құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ұсынады;

9-1) аумақтық қорғанысты жоспарлауға қатысады;

9-2) жұмылдыру тапсырмасы негізінде арнаулы құралымдар құрады және оларды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етеді;

9-3) аумақтық қорғаныс жоспарларына сәйкес ведомстволық бағынысты объектілерді қорғауды және олардың қорғанысын жүзеге асырады;

9-4) әскери басқару органдарынан алынған ақпарат негізінде халыққа қауіпсіздікке төнген тікелей қатер туралы күні бұрын хабар беруді және құлақтандыруды қамтамасыз етеді;

9-5) орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, эвакуациялық іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады;

9-6) азаматтық қорғау органдарын аумақтық қорғаныс міндеттерін орындауға жан-жақты дайындауды жүзеге асырады және олардың ұдайы әзірлікте болуын қамтамасыз етеді;

9-7) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде қатынас жолдарын техникалық бүркемелеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

9-8) әскери-патриоттық тәрбие жүйесін дамыту мен ілгерілетуге бағытталған іс-шараларға қатысады;

9-9) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңесімен тікелей өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

9-10) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

9-11) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

9-12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның бірінші басшысының актісі негізінде мемлекеттік орган шегінде әскери мүлікті береді;

9-13) жедел басқарудағы қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына бақылауды жүзеге асырады;

9-14) мүлікті пайдаланылмайтын мүлік деп тану туралы шешім қабылдайды;

9-15) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қажет болған кезде пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға береді;

9-16) қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілері және сатып алуға ұсынылатындары үшін тактикалық-техникалық сипаттамаларды айқындайды;

9-17) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды жүзеге асырады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын оларға жеткізеді;

9-18) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

9-19) қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарақтандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдап алуды жүзеге асырады;

9-20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери ұлттық стандарттарды әзірлейді, келіседі, әзірлеуге, өзгертуге және олардың күшін жоюға қатысады;

9-21) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) сәйкестігін қамтамасыз етеді;

9-22) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайда, орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді бекітеді;

9-23) қызметтік тұрғынжайларды ұстау және орталықтандырылған жылыту бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін, сондай-ақ қызметтік тұрғынжайы жекешелендіруге жатпайтын жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, өзге де жабық объектілердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

9-24) далалық төлемдерді жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

10) облыстардың, қалалардың, аудандардың азаматтық қорғаныс жоспарларын әзірлейді;

11) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті азаматтық қорғанысты дайындау және жүргізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

12) уәкілетті орган аумақтық органдарының, азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз етеді;

13) шаруашылық жүргізу объектілерінің жұмыс істеу орнықтылығын арттыру және төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін бекітеді;

14) азаматтық қорғау күштерінің қызметін қамтамасыз етеді;

15) азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу кезінде азаматтық қорғау күштерін басқарады;

16) азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерін даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді;

17) жедел резервтің материалдық құндылықтарын бөледі және пайдаланады;

18) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетеді, төтенше жағдайларды

жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтауды, қалпына келтіруді және оңалтуды қамтамасыз етеді;

19) халыққа, азаматтық қорғаудың басқару органдарына төтенше жағдайдың туындау қатері туралы болжам болған кезде күні бұрын және (немесе) төтенше жағдай туындаған кезде жедел хабар беруді және құлақтандыруды қамтамасыз етеді;

20) республикалық құлақтандыру жүйесін құрады, оның дереу пайдалануға үнемі әзірлігін, жарақтандыруды және дамытуды қамтамасыз етеді;

21) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің азаматтық қорғау саласындағы жұмысын үйлестіреді;

22) республикалық азаматтық қорғау қызметтері туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

23) азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен көлемі жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

24) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің құрамындағы материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстар қорларын, төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу, оларды жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражатты пайдалану туралы ұсыныстар енгізеді;

25) мемлекеттік органдардың, олардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың, адамдар жаппай болатын объектілерді, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын заңды тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық желілері мен автоматтандырылған мониторинг жүйелерінің "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

25-1) тікұшақ қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай операторды айқындайды;

26) қолданыстағы заңнамаға сәйкес төтенше жағдайларды жою кезінде ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

27) материалдық-техникалық ресурстардың қорларын құрады және пайдаланады;

28) азаматтық қорғаныс жоспарларының және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларының құрылымын айқындайды;

29) төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың ең төмен тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

29-1) адамдарды құтқару үшін, аса қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың байланыс, көлік құралдарын, мүлкі мен өзге де материалдық құралдарын пайдалану тәртібін белгілейді;

30) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөледі;

31) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарауды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу , қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

32) азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

33) азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысжайларын есепке қою және есептен шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

34) төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар туындаған кезде немесе осы қақтығыстар салдарынан қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің басшыларын, мамандарын даярлаудың, халықты оқытудың оқу бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

35) азаматтық қорғау саласында оқытудан өткен тыңдаушыларға берілетін бірыңғай үлгідегі сертификаттың нысанын бекітеді;

36) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарымен операция жүргізу, олардың орнын ауыстыру, пайдалану, толықтыру қағидаларын бекітеді;

36-1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резерві материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен көлемін айқындайды;

37) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының құтқарушыларын даярлау бағдарламасын бекітеді;

38) азаматтық қорғау органдарының және Министрлікке ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен жұмыскерлері үшін арнаулы нысанды киім үлгілерін белгілейді;

39) кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы арнаулы оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

40) кәсіби өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды бітіргені туралы куәліктің үлгісін әзірлейді және бекітеді;

41) ерікті өрт сөндірушілерді бастапқы даярлаудың оқу бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

42) құтқарушылардың денсаулық жағдайының сәйкестігіне және медициналық куәландырудан өткізуге қойылатын талаптарды бекітеді;

43) азаматтық қорғау саласындағы әдістемелік ұсынымдарды бекітеді;

44) мониторинг жүйелерінен, оның ішінде жерді қашықтықтан зондтау құралдарын пайдаланатын мемлекеттік органдармен, ұйымдармен табиғи және техногендік

сипаттағы төтенше жағдайлардың қатері және туындауы туралы ақпарат алмасу бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

45) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және олар қабылдап жатқан шараларды талдауды ұйымдастырады;

46) сел және көшкін жай-күйінің мониторингін ұйымдастырады;

46-1) сейсмологиялық мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

46-2) сейсмикалық аймақтарға бөлудің (аудандастырудың) әртүрлі ауқымды карталарын және сейсмикалық қауіп-қатер карталарын әзірлеу және қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

47) тау баурайларының, биік таулы, мұздық және мұздақ көлдердің қауіптілігін төмендету жөніндегі алдын алу іс-шараларын бекітеді және жүзеге асырады;

48) бейбіт және соғыс уақытында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және үздіксіз шифрланған байланысты қамтамасыз етеді;

49) құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекітеді;

50) ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын, өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

51) азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

52) азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін ұйымдастыру және бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, басқару органдарын құлақтандыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

52-1) телерадио хабарларын тарату желілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты құлақтандыру үшін, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

53) азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, жасау және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

54) су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

55) кәсіби өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

55-1) кәсіби өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

56) азаматтық қорғау құралымдарын құру, күтіп-ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

57) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

58) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59) азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59-1) соғыс уақытында эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59-2) бейбіт уақытта эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59-3) бес және одан көп адам қаза тапқан қауіпті өндірістік объектідегі еңбек қызметіне және аварияға байланысты емес жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия құру қағидаларын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

59-4) өмір үшін қауіп-қатері жоғары болуына байланысты жетуі қиын жерлердің, су , таулы және спелеологиялық объектілердің тізбесін және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына хабарлау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

59-5) азаматтық қорғау органдарында кинологиялық қызметті дамытуды қамтамасыз етеді;

59-6) табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60) бейбіт уақытта азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін қолдану қағидаларын бекітеді;

60-1) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін бейбіт уақыттан соғыс уақытына ауыстыру кезінде жауынгерлік әзірлік дәрежесіне келтіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60-2) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін жұмыс істеу режимдеріне келтіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60-3) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері штабтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-4) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде жауынгерлік әзірлікті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-5) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

60-6) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде әскерлер қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

60-7) азаматтық қорғау органдарында байланысты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-8) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің полигондары мен оқу орталықтары қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60-9) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде авариялық-құтқару құрал-саймандарын, жабдықтарын, құрал-жабдықтарын және киім-кешектерін есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

60-10) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде жеке броньды қорғау, белсенді қорғаныс құралдарын, инженерлік мүлікті және техникалық күзет құралдарын есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

60-11) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

60-12) азаматтық қорғау органдарын радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

60-13) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде медициналық қызметтің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-14) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде қару мен олардың оқ-дәрілерін сақтау, беру, тасымалдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60-15) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде автомобиль қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-16) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде пәтер пайдалану және өртке қарсы қызметтің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-17) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде киім-кешек қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-18) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде азық-түлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-19) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде жанар-жағармай материалдары қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

60-20) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде әскери шаруашылықты жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

60-21) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріне нақты және шартты атаулар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

61) еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекітеді;

62) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығы үшін үстемеақы төлеу қағидаларын бекітеді;

63) халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

64) төтенше жағдайлардың туындауына алып келген аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

65) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

66) кәсіби өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;

67) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру пункттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

67-1) мемлекеттік өртке қарсы қызмет өрттерден қорғайтын аса маңызды мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

68) дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

69) Қазақстан Республикасының аумағында кезекші диспетчерлік қызметтердің жұмысын үйлестіру қағидаларын және "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің өкілеттіктерін бекітеді;

70) сүңгуірлік жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекітеді;

71) азаматтық қорғау органдары қызметкерлері санының нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

71-1) медициналық мекемелер мен оңалту орталықтарының базасында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және жұмыскерлерін медициналық және психологиялық оңалту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

72) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерді әзірлейді, бекітеді, олардың күшін жояды, тоқтата тұрады, сондай-ақ техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

73) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестер құрады;

74) техникалық реттеу саласындағы сараптамалық кеңестердің құрамын және олар туралы ережені бекітеді;

75) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және орындайды;

76) сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім жөніндегі зертханаларды құру, жаңғырту және жарақтандыру жөнінде ұсыныстар дайындайды;

77) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды қосу немесе алып тастау жөніндегі жұмысқа қатысады;

78) техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеу туралы ұсыныстар дайындайды және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізеді;

79) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша кезекшілікті атқару кезінде, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезеңінде кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын ұстауға бөлінетін қаражат есебінен шығыстарды төлей отырып, құтқарушыларды тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

80) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін жарақтандыру және кинологиялық қызметтерді қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

81) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнаулы киім-кешегінің тиесілілік нормаларын бекітеді;

82) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Министрліктің білім беру ұйымдарының курсанттарын тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды бекітеді;

83) сараптама ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;

84) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

85) өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

86) зерттеу сынау өртке қарсы зертханаларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

87) өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

88) өртке қарсы қызметтің жарғысын әзірлейді және бекітеді;

89) ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттерді сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына кәсіби өртке қарсы қызметтерді аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

89-1) өрт қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

89-2) өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

89-3) өрт автоматикасы жүйелерін монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлейді және бекітеді;

89-4) адамдар жаппай болатын және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

89-5) адамдар жаппай болатын және биіктігі жиырма сегіз метрден асатын объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындының нысанын әзірлейді және бекітеді;

89-6) белгіленген нормалар мен қағидалары жоқ объектілерді өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнаулы техникалық шарттарды келісу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

89-7) өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, алаңы екі мың шаршы метрден асатын, адамдар жаппай болатын объектілердің тізбесін, сондай-ақ қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандырудың үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;

89-8) казармалық жағдайда болған кезде және (немесе) карантиндік іс-шараларға қатысқан кезде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін тамақпен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

90) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 02.06.2023 № 439 қаулысымен;

90-1) биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

91) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтерін бекітеді;

92) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторлардың актілерінің нысандарын әзірлейді және бекітеді;

93) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру және білімін тексеру тәртібін бекітеді;

94) өнеркәсіп салаларының қауіпті өндірістік объектілері, сондай-ақ атом энергиясын пайдалануға, магистральдық құбырлар мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты оларға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін қызмет түрлері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

94-1) уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-2) фторлы сутек қышқылын өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-3) иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-4) бериллий, оның қосылыстарын және олардан бұйымдар өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-5) мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-6) өсімдік шикізатын сақтау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-7) өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-8) қара, түсті, бағалы металдардың балқымаларын және осы металдардың негізінде алынатын қорытпаларды өндіру бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-9) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-10) қауіпті өндірістік объектілердің қалдық және шлам шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-11) көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-12) тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-13) өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-14) теңізде мұнай операцияларын жүргізуді жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-15) газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-16) қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-17) жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-18) компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-19) жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-20) магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

95) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

96) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен оқыс оқиғаларға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу, жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың жоғалу жағдайларын техникалық тергеп-тексеру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

97) көлбеу рельсті-арқанды көтергіштерді (фуникулерлерді) орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

98) қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

99) жолаушылар аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

100) жүк аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

101) эскалаторларды орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

102) мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

103) дәнекерлеушілерді және дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

104) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында басшыларды, мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың білімін тексеру (емтихандар өткізу) қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

105) қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

106) мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

107) жерасты құрылысжайлары мен метрополитендерді салу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

108) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару тәртібін айқындайды;

109) қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қызмет көрсету қағидаларын бекітеді;

110) қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидаларын бекітеді;

111) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекітеді;

112) қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекітеді;

113) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу өлшемшарттарын айқындайтын қағидаларды және қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидаларын бекітеді;

114) қауіпті өндірістік объектіде өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

115) нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

116) қызмет ету мерзімі өткен жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін тізбекті крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

117) қысыммен жұмыс істейтін түтіктерге, цистерналарға, бөшкелерге және баллондарға техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

118) бу және ыстық су құбыржолдарына зерттеп-қарауды және техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

119) қызмет ету мерзімі өткен мұнаралы крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

120) қызмет ету мерзімі өткен монтаждық крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

121) қызмет ету мерзімі өткен көпір типіндегі крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

122) қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

123) қызмет ету мерзімі өткен қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында оларға зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

124) қызмет ету мерзімі өткен лифтілерді, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін

айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

125) қызмет ету мерзімі өткен мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында оларға техникалық диагностикалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

126) тұтқырлығы жоғары, күкіртті мұнайды өндіруге арналған жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

127) қара металлургия кәсіпорындарының газ шаруашылығындағы қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

128) технологиялық құбыржолдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

129) ауаны бөлу өнімдерін өндіру және тұтыну кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

130) қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

131) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жеке құрамына қойылатын талаптарды және олардың штат санын есептеу нормативтерін, оларды жарақтандыру нормаларын әзірлейді және бекітеді;

132) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің құтқарушыларын даярлаудың үлгілік бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

133) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу өлшемшарттарын бекітеді;

134) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекітеді;

135) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби объектілік авариялық-құтқару қызметтеріне қойылатын талаптарды белгілейді;

136) қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру не тыйым салу туралы актінің нысанын бекітеді;

137) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық заттар мен бұйымдарды қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

138) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды әзірлейді және бекітеді;

138-1) газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді

сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізеді және өзінің интернет-ресурсында жариялайды;

138-2) газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

139) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

140) Министрлік қызметкерлерін кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың мазмұны мен қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

140-1) жоғары әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларын бекітеді;

140-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген квоталар шегінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша медициналық, фармацевтикалық және педагогикалық білімнің білім беру бағдарламаларын қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларын бекітеді;

141) оқуға бюджет қаражаты есебінен ақы төлене отырып, Министрліктің білім беру ұйымдарына, Министрліктің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

142) Министрліктің арнаулы оқу орны қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

143) Министрліктің арнаулы оқу орнында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

144) Министрліктің арнаулы оқу орнында қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

145) Министрліктің арнаулы оқу орны білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

146) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.12.2023 № 1104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

147) Министрліктің арнаулы оқу орнында оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, байқаудан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

148) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Министрліктің арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

149) Министрліктің арнаулы оқу орнында білім алушылардың кәсіптік практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

150) Министрліктің арнаулы оқу орнына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

151) азаматтық қызметшілер лауазымдарын қоспағанда, Министрліктің арнаулы оқу орнындағы педагогтер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

152) азаматтық қызметшілер лауазымдарын қоспағанда, Министрліктің арнаулы оқу орнының педагогтері, ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

153) Министрліктің арнайы оқу орнының цифрлық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

154) Министрліктің арнаулы оқу орнында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

155) Министрліктің арнаулы оқу орнында білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

156) Министрліктің арнаулы оқу орнының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекітеді;

157) Министрліктің арнаулы оқу орны тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) ақылы негізде ұсынылатын бағаларын бекітеді;

158) Министрліктің жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын арнаулы оқу орнына оқуға қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

158-1) курсанттардың тыныс-тіршілігімен және тұрмысымен танысу үшін олардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелерінің Министрліктің арнаулы оқу орнының курсанттар қатарындағы өздерінің жақын туыстарына баруы қағидаларын бекітеді;

158-2) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және курсанттарын Министрлік қызметінің бағыты бойынша шетелдік оқу орындарына оқуға жіберу үшін іріктеу қағидаларын бекітеді;

159) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

160) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

161) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

162) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

163) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

164) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

165) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.04.2025 № 236 қаулысымен;

166) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 665 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

167) азаматтық қорғау органдарында конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдар тізбесін, азаматтық қорғау органдарында жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу шарттары мен қағидаларын бекітеді;

168) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.04.2025 № 236 қаулысымен;

169) азаматтық қорғау органдарының басшы лауазымдарының тізбесін бекітеді;

170) азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің кәсіби қызметтік (кәсіби) және дене шынықтыру дайындығының мазмұны мен оны ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

171) аттестаттауға жататын қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және логикалық ойлау қабілетін компьютерлік тестілеуден өткізудің қағидалары мен шарттарын, кәсіби жарамдылығын айқындау жөніндегі нормативтерді, сондай-ақ азаматтық қорғау органдары лауазымдарының санаттары үшін шекті мәндерді бекітеді;

171-1) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін жоспардан тыс аттестаттаудан өткізу тәртібін, кезеңдерін және мерзімдерін бекітеді;

171-2) психологиялық-әлеуметтанушылық зерттеу жүргізудің тәртібі мен әдістерін құқық қорғау органдарының басшыларымен бірлесіп бекітеді;

172) Министрліктің арнаулы оқу орнының түлектерін бөлу қағидаларын бекітеді;

173) азаматтық қорғау органдары жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

174) азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

174-1) азаматтық қорғау органдарына қызметке қабылдау, лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру, жоғарылату, демалыстар беру, арнаулы атақтар беру, жұмыстан шығару және іссапарға жіберу туралы нұсқаулықты бекітеді;

174-2) азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын бекітеді;

174-3) азаматтық қорғау органдарындағы кадрларға сұранысты айқындайды;

174-4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қызметкерлердің, әскери қызметшілердің және жұмыскерлердің құқық қорғау қызметінде, әскери және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтауы жөнінде шаралар қабылдайды;

174-5) азаматтық қорғау органдары үшін кадрлар даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

175) азаматтық қорғау органдарында бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

175-1) азаматтық қорғау органдарының кадрмен қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілерінің жұмыс сапасы нәтижелерін бағалау әдістемесін бекітеді;

175-2) ұйымдық-штаттық іс-шаралар материалдарын жоспарлау және дайындау, азаматтық қорғау органдарының штаттарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

175-3) азаматтық қорғау органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік дайындыққа іріктеу қағидаларын және одан өту шарттарын, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекітеді;

175-4) азаматтық қорғау органдарына құқық қорғау қызметіне алғаш кіретін адамдар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдерін бекітеді;

175-5) азаматтық қорғау органдары жеке құрамымен тәрбие, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастырады;

175-6) азаматтық қорғау органдары жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

175-7) азаматтық қорғау органдарының бөлімшелеріндегі моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне жыл сайынғы социологиялық мониторинг жүргізудің қағидалары мен әдістемесін бекітеді;

175-8) азаматтық қорғау органдарына қызметке кандидаттың кәсіптік құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін айқындау және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін (цифрлық рейтингін) есептеу тәртібі мен әдістерін бекітеді;

175-9) азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дербес деректерін қамтыған жеке ісін жүргізу қағидаларын бекітеді;

175-10) трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта орналастыру жөніндегі орындарды айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

175-11) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халыққа (оның ішінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне) шұғыл психологиялық көмек көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

175-12) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен келісу бойынша жыл сайынғы негізде кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар енгізеді;

175-13) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен келісу бойынша жыл сайынғы негізде кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жібереді;

175-14) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жыл сайынғы негізде кәсіптердің ағымдағы және болашақ кезеңдердегі өзектілігін ескере отырып, кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастырады;

175-15) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен келісу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында қарау үшін кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

175-16) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салалық біліктілік шеңберлерін әзірлейді және (немесе) жаңартып отырады;

175-17) кәсіптілік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен және кәсіптілік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қорытындысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптаушы, салалық біліктілік шеңберлері негізінде кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен кәсіптік стандарттарды әзірлейді, бекітеді және (немесе) жаңартып отырады;

175-18) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган бекіткен кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы үлгілік ереженің негізінде кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді;

175-19) ұйымдардың еңбек жөніндегі үлгілік нормалары мен нормативтерін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді;

175-20) әскери немесе төтенше жағдайдың қолданылуы немесе терроризмге қарсы операция жүргізу кезеңінде немесе қарулы қақтығыс жағдайларында не табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланған жерде төтенше жағдайларды жою немесе өрттерді сөндіру жөніндегі міндеттерді орындау кезінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қызмет мерзімін есептеу және оларға ақшалай қамтылым төлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

175-21) азаматтық қорғау органдарының қызметі бойынша ауысқан кезде көтерме жәрдемақыға, көлікте жол жүргені және өз мүлкін тасымалдағаны үшін жұмсалған шығындарының өтелуіне құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесін әзірлейді;

175-22) көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады және шаралар қабылдайды;

175-23) азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй комиссиялары қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

176) өз өкілеттіктері шегінде өрттерге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау жүргізуді жүзеге асырады;

176-1) өртті зерттеуді ұйымдастырып, оның туындау себептері мен ошақтарын анықтайды;

177) өз құзыреті шегінде қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судьялардың талаптарын, прокурордың қаулыларын, нұсқамалары мен талаптарын, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

178) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

179) өз құзыреті шегінде ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асырады;

180) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы мен орталық атқарушы органдар үшін қосалқы (қала сыртындағы) және жылжымалы басқару пункттерін құруды қамтамасыз етеді;

181) азаматтық қорғау құралдарына қажеттілікті айқындау жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

182) авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының қызметін үйлестіреді;

182-1) уәкілетті органның теңіз ұйымының қызметін үйлестіреді;

183) азаматтық қорғау саласында ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты және мамандарды оқытуды ұйымдастырады;

184) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың мемлекеттік есебін жүргізеді;

184-1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілейді;

184-2) климаттық қатерлерден болатын дүлей зілзала тәуекелдерін бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізеді;

184-3) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі, оның ішінде жаңа тәуекелдерді болғызбауға, қазіргі қауіптілікті төмендетуге және орнықтылықты нығайтуға бағытталған шараларды өз құзыреті шегінде және басымдылықты ескере отырып жүзеге асырады;

184-4) өз құзыреті шегінде іске асырылатын климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асырады және осы шараларды түзетеді;

185) ведомстволық бағынысты ұйымдарды, оның ішінде апаттар медицинасының жасақтары мен далалық жылжымалы госпитальдарын, сондай-ақ төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы коммерциялық емес арнаулы ұйымдарды, оқу орындарын құру және қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

186) авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізуді жүзеге асырады;

187) азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің корпоративтік цифрлық жүйесінің, ахуалдық-дағдарыс орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

188) азаматтық қорғау органдарында киберқауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

189) заңды және жеке тұлғаларға электрондық қызметтер көрсетуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

189-1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелі мәселелерді анықтауды және талдауды жүзеге асырады;

189-2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде петицияларды қарайды;

189-3) цифрлық трансформациялауды жүргізеді;

190) өрттердің алдын алуды және оларды сөндіруді жүзеге асырады;

191) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қатардағы және басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған және белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылған әскери міндеттілердің арнайы есебін жүргізеді;

192) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптамаларын әзірлеуді жүзеге асырады;

192-6) азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;

192-7) азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдалану нұсқаулығын әзірлейді және бекітеді;

193) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

194) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

195) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

196) азаматтық қорғау саласындағы мәселелер бойынша қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты қамтамасыз етеді;

197) "Халықаралық дәрежедегі құтқарушы" біліктілігін береді;

198) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдарының, ведомстволық бағынысты мекемелері мен ұйымдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

199) мемлекеттік сатып алу туралы заңнама шеңберінде тартылған еңбекті нормалау жөніндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасайды, басқарудың барлық деңгейлерінде сеніп тапсырылған бөлімшелердің қызметкерлері мен жұмыскерлері жүктемесінің ғылыми негізделген нормативтерін әзірлеу үшін талап етілетін материалдар мен мәліметтерді дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді, әзірленген жүктеме нормативтерінің сапасы үшін, олардың объективтілігі мен практикада қолдану мүмкіндігін қоса алғанда, жауапты болады;

200) ғылыми негізделген нормативтерге сәйкес басқарудың барлық деңгейлерінде сеніп тапсырылған бөлімшелердің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің нақты жүктемесіне талдау жүргізеді, оның негізінде олардың нормативтік штат санын айқындайды және оны қайта бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

201) ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық жоспарлауын, есепке алуын, қаржыландыруын және есептілік (мерзімді және жылдық) жасауын ұйымдастырады;

202) азаматтық қорғау саласында құқықтық қамтамасыз етуді, соттарда, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдарда өкілдікті ұйымдастырады;

203) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

204) өз құзыреті шегінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін қызметке қабылдауды, қызмет бойынша ауыстыруды, қызметтен шығаруды, әскери және арнаулы атақтар беру мәселелерін шешуді жүзеге асырады;

205) ведомстволық наградалармен наградтайды және Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыным енгізеді;

206) мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;

206-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор карточкалық жүйе бойынша мұнай өнімдерін сатып алудан бас тартқан кезде мұнай өнімдерін тиісті жылға арналған бюджет қаражаты есебінен бәсекелестік негізде дербес сатып алады;

207) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және олардың салдарын бағалау үшін Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдаланады;

207-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен теңізге және Қазақстан Республикасының сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін сезімталдық индекстері бар экологиялық сезімталдық картасын әзірлеуге және келісуге қатысады;

208) сараптама ұйымдарын аккредиттеуді жүргізеді;

209) сараптама ұйымдарының мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

210) уәкілетті органның жедел резервін ұстауды қамтамасыз етеді;

211) азаматтық қорғау органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

212) орталық аппараттың, азаматтық қорғау органдары мен бөлімшелерінің, Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың ішкі мемлекеттік қаржылық аудитін жүзеге асырады;

213) құпия және құпия емес іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді;

214) құпия ақпаратты техникалық қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

215) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқарады;

216) мемлекеттік органдардың әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару жөніндегі шешімдерін келіседі;

217) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның сауда қызметінің субъектілерін – шығарылатын материалдық құндылықтарды алушыларды, олардың көлемін, бағасын және сауда үстемеақысының мөлшерін көрсете отырып, нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қажеттілігі туралы ұсыныстарын келіседі;

217-1) объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құру, орнын ауыстыру, қайта бейіндеу немесе тарату туралы ұйымдар басшылығының шешімдерін келіседі;

218) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасайды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады;

219) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексерулер жүргізудің кестелерін, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізімдерін әзірлейді және бекітеді;

219-1) объектінің өртке қарсы қорғау жүйелері мен элементтерін аспаптық әдісті қолдана отырып тексеруді ұйымдастырады;

219-2) өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру туралы актінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

219-3) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдалану нұсқаулығын бекітеді;

219-4) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға әкелетін өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптардың тізбесін, сондай-ақ талаптардың нақты бұзылуына қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып (қажет болған кезде) айқындайды;

219-5) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;

220) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 3-тармағында көзделген әзірленетін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерге талдау жүргізеді;

221) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға реттегіш құрал енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған жекелеген саладағы немесе мемлекеттік басқару саласындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді ұсынады;

221-1) Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге және ықтимал қауіпті биологиялық объектілердің жұмыс істеуіне байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жалпы азаматтық қорғау іс-шаралары туралы статистикалық ақпаратты, өзге де есепке алу мен есептілік құжаттамасын (ақпаратын) биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

222) жаңарту тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешімдер қабылдайды;

223) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату туралы шешімдер қабылдайды;

224) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешімдер қабылдайды;

225) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа талаптар қояды;

226) өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, төсбелгісінің, нөмірлік мөртабаның және пломбирінің үлгілерін белгілейді;

227) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

227-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың аудио-, бейнежазба техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

228) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 561 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

228-1) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының тізбесін әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып (қажет болған жағдайда) айқындайды;

229) мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымында сақталатын жұмылдыру резервінің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарын ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

230) мемлекеттік резервтің жаңартылуға жататын материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды алушы мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімімен басқа мемлекеттік органдардың, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымының балансына өтеусіз негізде беруді жүзеге асырады;

231) мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлемдері жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;

232) ізгілік көмек көрсету қағидаларын әзірлейді;

233) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

234) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану қағидаларын әзірлейді;

235) жарты жылдың қорытындысы бойынша – есепті жылдың 15 шілдесіне дейін, жылдың қорытындысы бойынша – есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу жөніндегі ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақты 235-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 561 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

235-2) мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен номенклатура өзгерген кезде броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешімнің жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 235-3) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 526 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

236) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

237) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық қорғау, мемлекеттік резерв, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

238) Қазақстан Республикасы заңнамасының реттелетін салада қолданылуына талдау жүргізеді;

239) елді мекендердің аумақтарын және мемлекеттік меншіктің аса маңызды объектілерін өрттен қорғауды қамтамасыз етеді;

240) өртке қарсы қызметтердің жұмысын үйлестіреді;

241) мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының жұмылдыруға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді;

242) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өрттердің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

243) азаматтарға, лауазымды және заңды тұлғаларға анықталған бұзушылықтарды жою және өрттердің алдын алу және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы нұсқамалар береді;

244) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұрады, субъектілер өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін бұза отырып жүзеге асыратын, сондай-ақ ұйымдарды, объектіні, құрылысты, ғимаратты салу, реконструкциялау, кеңейту немесе техникалық қайта жарақтандыру кезінде жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігі талаптарын орындамаған кезде ғимараттарды, құрылыстарды , электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға және өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салады;

245) елді мекендерде және объектілерде өрт сөндіру бөлімшелерінің өртке қарсы күресуге әзірлігін бақылауды жүзеге асырады;

246) мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, кәсіпорындарда өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

247) су айдындарында қауіпсіздік қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

248) су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын сақтамағаны үшін азаматтар мен заңды тұлғаларға нұсқамалар береді;

249) ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және оларды сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өртті сөндіруге байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына кәсіби өртке қарсы қызметтерді аттестаттауды жүргізеді;

249-1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

250) сауда қызметі субъектілерімен шарттар жасасу жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығарады;

251) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқаруды жүзеге асырады;

252) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және жаңартуды ұйымдастырады;

253) мемлекеттік резервке жеткізілетін және онда сақтауда тұрған материалдық құндылықтардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне зерттеулер (сынақтар) жүргізуді ұйымдастырады;

254) кәдеге жаратылған тауарларды өткізуді ұйымдастырады;

255) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру , сақтау, толықтыру, орнын ауыстыру, жаңарту және мақсатты пайдалану кезінде нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

256) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді;

257) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын орналастыруды, есепке алу мен сапалық және сандық сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

258) алушымен қарыз алу тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шарттар (келісімшарттар) жасасады;

259) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 561 қаулысымен;

260) мемлекеттік материалдық резерв саласында түгендеу жүргізуге тиісті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мамандарын тартады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

261) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 561 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

261) сақтау пункттерінде сақталатын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуына түгендеу жүргізеді;

262) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау және пайдалану тәртібінің бұзылуына кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына түгендеу материалдарын жібереді;

262-1) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидаларын бекітеді;

263) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының есебін жүргізеді;

263-1) қарыз алу тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

263-2) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жою немесе кәдеге жарату үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

264) мемлекеттік материалдық резервке материалдық құндылықтарды қоюға тапсырыстарды орналастырады;

265) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

266) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

267) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын қауіпті өндірістік объектілер мен ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

268) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылысжайларына зерттеп-қарау, диагностикалау, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландыру жүргізудің уақтылығына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

269) қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстарды орындауға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің әзірлігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

269-17) қауіпті өндірістік объектілерді жаңарту мен техникалық қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарын келіседі;

269-18) өндірістік бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары санының нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

269-19) қауіпті өндірістік объектілерді жаңарту мен техникалық қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарын әзірлеу және келісу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

270) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

271) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

272) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын қоспағанда, тұрмыстық баллондарды және газбен жабдықтау жүйелері объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

273) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ерекше жағдайларда сот шешімінсіз қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты дара кәсіпкерлердің, ұйымдардың қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады, міндетті түрде көрсетілген мерзімде сотқа талап-арыз береді;

274) жеке және заңды тұлғаларға тексеру нәтижелері туралы актілерді, анықталған бұзушылықтар бойынша нұсқамаларды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актілерді береді;

275) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат береді;

276) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

277) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттаудан өткізеді;

278) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттаудан өткізеді;

279) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың жоғалу жағдайларына техникалық тергеп-тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

280) қауіпті өндірістік объектілерде жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың қолданылуына және есепке алынуына талдау жүргізеді;

281) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға берілген, кері қайтарып алынған рұқсаттардың есебін жүргізеді;

282) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеуді жүргізеді;

283) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан болған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

284) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын өткізуге қатысады;

285) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынауларына, техникалық куәландыруларға қатысады;

286) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын қауіпті өндірістік объектілердің заңды тұлғалары басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің біліміне тексеру (емтихан) жүргізеді;

287) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарға бақылау және қабылдау сынауларын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

288) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

288-1) тиісті саладағы реттеуді немесе басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетеді;

288-2) азаматтық қорғау салаласындағы әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

289) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық заттар мен бұйымдарды қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар береді;

290) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келіседі;

291) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарларын келіседі;

292) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобаларын келіседі;

293) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде лицензия беруді келіседі;

294) Жарылыс ісі жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақты 294-1) және 294-2) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР Үкіметінің 28.07.2025 № 561 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

295) азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

295-1) мерзімдік тексеру жүргізудің жартыжылдық жоспарының, тексеруді тағайындау, ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актінің, мемлекеттік органдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы тексеру нәтижелері туралы қорытынды нысанын әзірлейді және бекітеді;

296) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

296-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

296-2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құрады;

296-3) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат береді;

296-4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

296-5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсетеді;

296-6) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарайды ;

296-7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

296-8) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастырады;

296-9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізеді және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасады;

296-10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асырады;

296-11) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсынады;

296-12) арнайы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді;

269-13) мұнайдың төгілуі туралы ақпаратты алуды және беруді жүзеге асырады;

269-14) мұнайдың төгілуін жою бойынша оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізеді;

269-15) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жою жөніндегі жедел іс-қимылдарды ұйымдастырады;

269-16) мұнайдың төгілуін жою туралы сұрау салу алған жағдайда халықаралық көмекке жүгіну жөніндегі және басқа елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастырады;

297) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2022 № 244 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.09.2022 № 665 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 22.10.2022 № 844 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.06.2023 № 439; 01.09.2023 № 762 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2023 № 890; 07.11.2023 № 985 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 11.12.2023 № 1104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 28.12.2023 № 1227; 19.02.2024 № 100; 17.07.2024 № 570 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 29.08.2024 № 707; 18.09.2024 № 758; 21.11.2024 № 983; 14.04.2025 № 236; 28.07.2025 № 561 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 05.09.2025 № 720 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.10.2025 № 896 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 22.06.2026 № 526 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

17. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

18. Министрлікті басқаруды Төтенше жағдайлар министрі жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2022 № 55 қаулысымен.

19. Төтенше жағдайлар министрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

20. Төтенше жағдайлар министрінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

21. Төтенше жағдайлар министрінің өкілеттігі:

1) Министрлік реттейтін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) өз қызметінде бақылауындағы комитеттердің басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Қазақстан Республикасының Құрылтайында, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрлік атынан өкілдік етеді;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

6) Министрлікке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және бұрыштама қояды;

7) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара жояды немесе тоқтата тұрады;

8) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

9) Үкіметтің тиісті шешімі қабылданған жағдайда жарғылық капиталына мемлекет тікелей және жанама қатысатын коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіреді;

10) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11) бірыңғай кадр саясатын жүргізеді;

12) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

13) Қазақстан Республикасының Президентіне жоғары басшы құрамға арнаулы атақтар және жоғары әскери атақтар беру туралы ұсыныстар енгізеді;

14) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ерекше көзге түскен қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттауға және құрметті атақтар беруге Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізеді;

15) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жатқызылған қызметкерлерге заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар және көтермелеу шараларын қолданады;

16) өз құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның бөлімшелерін құрады және таратады, бөлінген бюджет қаражаты шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының және еңбекақы төлеу қорының лимиті шегінде олардың құрылымын, штат санын белгілейді;

17) республикалық бюджеттен бөлінген қаржы шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау органдарын ұстауға арналған қаржы қаражатын бөледі.

Төтенше жағдайлар министрі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 526 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Төтенше жағдайлар министрі өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

